

# ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

**"Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет".**

**Шоқан Уәлиханов**



Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі – Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің құрылымдық бөлімдерінің бірі. 2012 жылы «Филология» және «Тарих, экономика және құқық» факультеттерінің бірігуі негізінде филология және тарих факультеті құрылса, кейін ол гуманитарлық факультет болып өзгертілді. 2019 жылдың 1 қарашасынан бастап университет құрылымына редизайн жүргізілуіне орай гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебіне ауысты.

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІНІҢ МИССИЯСЫ МЕН МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ

<b>Миссиясы</b>	<b>Мақсаты</b>	<b>Міндеттері</b>
Педагогикалық білім беру және ғылым салалары бойынша ПМПУ-дың саясатын	Гуманитарлық бағытта жоғары білікті және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті пән	Еліміздің болашағы болып саналатын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде алған

жүзеге асырып, мамандықтардың бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету және Павлодар облысының білім беру жүйесінде гуманитарлық бағытты дамытып, алдыңғы қатарлы ғылыми-педагогикалық орталық болу	мұғалімдерін дайындау; гуманитарлық білімнің деңгейін арттырып, жоғары мектеп білім беру бағдарламаларының шетелдік әріптестерімен қарым-қатынасын нығайту	қойған міндеттерді шығармашылық ынтамен шеше алатын, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мұғалімдерді даярлау
---	--	--

Осы бағытта жұмыс істеуге негіз болатын бағдарламалық құжаттар: «Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңы», Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы, 2021 жылға дейінгі білім беру мемлекеттік бағдарламасы, сондай-ақ 2021 жылға дейінгі ПМПУ-дың Даму стратегиясы, 2016-2019 жылдарға арналған ЖОО-ның Даму стратегиясы.

## ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ҚҰРАМЫ

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ  
ӘДЕБИЕТІ  
БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫ**

**ОРЫС ТІЛІ  
ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ  
БІЛІМ БЕРУ  
БАҒЫТЫ**

**ШЕТ ТІЛДЕР: ЕКІ ШЕТ  
ТІЛДЕРІ БІЛІМ  
БЕРУ БАҒЫТЫ**

**ТАРИХ БІЛІМ  
БЕРУ БАҒЫТЫ**

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінде штаттық қызметте жұмыс істейтін профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны – 85, оның ішінде 8-і ғылым докторы, 34-і ғылым кандидаты, 3-еуі PhD және 32-і магистр.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінде 999 студент білім алуда, оның ішінде күндізгі оқу бөлімінде – 586 студент (58,7%); қашықтан оқу технологиясы бойынша – 321 студент (32,1%); сырттай оқу бөлімінде 92 студент (9,2%).



Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері республикалық және ЖООішілік түрлі сайыстарға қатысып, белгілі бір нәтижеге жетуде. Мәселен, филол.ғ.д., профессор Б.Сағындықұлы (2006), филол.ғ.д., профессор С.Н.Сүтжанов (2007), филол.ғ.д., профессор З.К.Темиргазина (2012), филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) Қ.С.Ерғалиев пен п.ғ.к., доцент Ж.М.Байғожина (2014), филол.ғ.к. Ә.Д.Әміренов (2015), филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) О.К.Андрющенко (2016), филол.ғ.д., профессор Г.С.Суюнова, т.ғ.д. Г.Е.Өтепова, ф.ғ.к. М.И.Оразханова және PhD, қауымдастырылған профессор (доцент) А.С.Ахметов (2017), PhD, ПМПУ доценті Ахтаева Н.Х. (2019) – **«ЖОО-ның үздік оқытушысы»** грантының иегерлері; з.ғ.к., доцент С.Т.Иксатова – **«Құқық саласындағы үздік оқытушы»** (2008) сайысының жеңімпазы; филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) О.К.Андрющенко (2016), PhD, қауымдастырылған профессор (доцент) А.С.Ахметов (2017) – гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған **М.О.Әуезов атындағы сыйлықтың**, т.ғ.к. Н.Е.Күзембаев түркология саласындағы үздік жетістігі үшін **Күлтегін атындағы сыйлықтың** иегері (2016); PhD, қауымдастырылған профессор (доцент) А.С.Ахметов – ғылым мен техника, мәдениет пен өнер саласында жоғары нәтиже көрсеткені үшін **Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры сыйлығының** иегері (2017); филол.ғ.д., профессор З.К.Темиргазина мен Г.С.Суюнова (2017) – **Мемлекеттік ғылыми стипендия**; филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент) О.К.Андрющенко, оқытушы Е.Б.Асанбаева – (2017) **Талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендия** иегерлері.






Эрасмус+ бағдарламасы бойынша шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы Ә.С.Жолдабаева Витаутас Магнус университетінде (Каунас, Литва) академиялық ұтқырлық бойынша дәріс оқыса, 2019 жылы Эрасмус+ бағдарламасымен Шет тілі ББ аға оқытушысы Кулахметова М.С. Витаутас Магнус университетінде (Каунас, Литва) дәріс оқыды. Тарих ББ PhD, ПМПУ доценті Садыкова А.М. 2020 жылдың наурыз айында «Болашақ» бағдарламасы бойынша Витаутас Магнус университетіне (Каунас, Литва) кетті. DAAD стипендиялық бағдарламасы бойынша шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы М.А.Рамазанова Печ қаласында (Венгрия), ф.ғ.к., доцент Б.Ж. Нығметова мен аға оқытушы Б.Қ. Жұмагельдина Германияда оқып келді.

Сондай-ақ факультетте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі және ЖОО тарапынан қаржыландырылатын гранттық жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, орыс тілі және әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.д. Г.Г.Сүйінованың жетекшілігімен «Общекультурный ландшафт Павлодара как энциклопедическое явление» тақырыбындағы ҚР БжҒМ гранты, тарих және Қазақстан халық Ассамблеясы кафедрасының доценті, т.ғ.к. Н.Күзембаевтың жетекшілігімен «Мәңгілік ел»: истоки формирования и преемственность государственности Великой Степи», т.ғ.к., доцент А.Е.Каримованың жетекшілігімен «Человек и война: научный анализ устных источников ветеранов ВОВ Павлодарской области», «Научно-методические основы подготовки специалистов сдвоенной специальности в условиях педагогической интеграции высшего и общего среднего образования (на примере специальности «История-Религиоведение») тақырыптарындағы ЖООішілік гранттық жобалар мен аға оқытушы А.Т.Макишеваның жетекшілігімен «Пилларс – Отандық тарихты насихаттаудың құралы ретінде» тақырыптағы студенттердің ЖООішілік ғылыми жобасы.


Гуманитарлық факультет тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмейді, сонымен қатар өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуда. Ол академиялық ұтқырлық жұмысын жүргізумен байланысты. Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылардың немесе профессор-оқытушылар құрамының басқа жоғары оқу орындарында кредиттік жүйеге негізделген білім

беру бағдарламасы бойынша бір семестр немесе оқу жылына сәйкес білім алуы не дәріс жүргізуі.

Бүгінгі таңда жоғары мектептің профессор-оқытушылар құрамы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша жақын, алыс шетелдерге және Қазақстанның басқа ЖОО-на барып дәріс оқыды. Сонымен қатар шет елдерден және еліміздің өзге де ЖОО-нан әріптестеріміз келіп, жоғары мектеп студенттеріне сабақ жүрзілді.



Еліміздің жоғары оқу орындарынан, атап айтқанда Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университеті (Алматы), Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті (Тараз), Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент), Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті (Семей) т.б. оқу орындарынан жыл сайын факультет мамандықтарына студенттер келіп немесе біздің мамандық студенттері осы аймақтарға барып бір семестр бойы білім алуда. Сондай-ақ факультет студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде Польша, Малазия, Венгрия, Чехия, Литва, Ресей т.б. елдерге барып, білімдерін шыңдауда.



Жоғары мектепте тек Павлодар өңірінен келген студенттер ғана емес, Қазақстанның Ақмола, Алматы, Семей, Қарағанды, Тараз, Шымкент, Қызылорда, Маңғыстау және т.б. аймақтарының, сондай-ақ Қытай, Қырғызстан, Монғолия, Өзбекстан, Түркия, Ресей және Үнді елдерінің азаматтары келіп білім алуда.

Жоғары мектеп жанында студенттердің ғылыми қоғамы бар, 7 ғылыми үйірмелер жұмыс істейді. Оған күндізгі оқу бөлімі студенттерінің 33%-ы тартылған. Сондай-ақ студенттер сабақтан тыс уақытта қызығушылықтарына қарай түрлі спорттық-шығармашылық үйірмелерге де қатысады.